

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 30 жылға жуық еңбек етіп, құқық саласы бойынша зерттеулер жасап, білім мен ғылымның дамуына үлес қосып жүрген педагогтардың бірі – «Құқықтану» кафедрасының доценті (қауымдастырылған профессоры), заң ғылымдарының кандидаты Мадина Жүсіпбекова.

Педагог экономиканың аграрлық саласын мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздері, ауылшаруашылық кооперативтерінің құқықтық реттелуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың құқықтық сипаты, азаматтық құқықтық қатынастардың реттелуі, құқық пен мемлекеттің қалыптасуы бағытында ғылыми жұмыстармен айналысуда.

Мадина Қойшыбайқызы – 6 оқу кұралы, 4 ұжымдық монография және 60-тан астам ғылыми еңбектің авторы. Ғалымның Scopus, Web of Science сынды халықаралық мәліметтер базаларында мақалалары жарияланған. Хирш индексі – 1.

Педагог «Құқықтану» мамандығында оқитын студенттерге арналған «ҚР Тұрғын үй құқығы», «ҚР Міндеттемелік құқығы», «Рим құқығы» атты оқулық авторларының бірі. Аталған оқулықтар 2021 жылы жарық көрді.

Сонымен қатар, Мадина Қойшыбайқызы 2016 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «М.Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми әдістемелік кеңес құрамының мүшесі болып, «Мұстафа Шоқай (1890-1941ж.) энциклопедиясын» жазуға өз үлесін қосты.

Мадина Қойшыбайқызы 1994-2008 жылдары университеттің «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының оқытушысы қызметіне қабылданып, аға оқытушы болып қызмет атқарды. Мұнан кейін 2008-2012 жылдары «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының меңгерушісі, 2010 жылдан бастап «Құқықтану» кафедрасының доценті болып қызмет атқарып келе жатыр. Ал 2014-2019 оқу жылдарында құқықтану бағыты бойынша Академиялық кеңес төрайымы, 2020-2022 жылдар аралығында «Экономика және құқықтану» бағыты бойынша Академиялық кеңес төрайымының орынбасары болып жұмыс атқарды.

Сонымен қатар, Мадина Жүсіпбекова 2014 жылдан бастап Қызылорда облысы Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Ғылыми - сарапшылық топтың мүшесі, 2019 жылдан бастап облыстық Әділет департаментінде өтетін нотариустер мен адвокаттардың лицензия алу үшін өтетін аттестациялық комиссияның мүшесі ретінде қызмет атқарып келеді.

Мадина Қойшыбайқызы М.Жомартқызы, А.Каскеева, Г.Рахметова, Е.Жумаксанов, Л.Садвакасова сияқты ізденушілердің кандидаттық диссертациясын қорғау кезінде ресми оппонент болды.

Мадина Қойшыбайқызы 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Үздік оқытушысы» атағына ие болды, 2012 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.